Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу.Үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалау.Тамақтану алдында мұқият жуынуды,тамақтану әдебін сақтап,асты аз-аздан алып,сусыз жеуді үйретеді.Тамақтан слң ауыздарын шаюды қадағалайды.				
Күндізгі ұйқы	Балаларды баяу әуен ырғағымен ұйықтату.Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнатады.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдын ояту,төсек үсті жаттығулар жасату. Киімдерін реттеп,беті-қолдарын жуғызу. Балаларды тәтті ұйқыдан ояту. «Массаж» кілемшелер үстімен жүргізу. Киімдерін реттеп,беті-қолдарын жуғызу.Төсек үстінде жаттығулар жасату.Бесін асқа балаларды дайындау.				
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу.Нан қиқымын шашпай жеуге үйрету. Тамақтану алдында мұқият жуынуды,тамақтану әдебін сақтап,асты аздан алып,сусыз жеуді үйретеді. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалайды.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:** «Кімнің үйі?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамытады. Сөздік қорын молаяды.	**Вариативтік компонент** «Көркем жазу» «Жануарлардың төлдерін тауып тиістісін сызықпен қос» **Мақсаты:** Суреттегі жануарларды қарап тиістісін сызықпен қосуға үйрету	**Құрылымдалған сюжеттік-рөльдік ойын** **Мақсаты:** Ойын жоспарларына сәйкес іс әрекетпен айтыс-тартысты әділдікпен шешу, сюжетке сәйкес конструктор, құрылыс материалдарын қолданып келісіммен берілген ролдерді бөлуге ойнауға үйрету. .	**Вариативтік компонент** «Би» «Балдырғандар вальсі» **Мақсаты:** Балаларды екі екіден тұрғызыполарға дұрыс жүру түрлерін көрсетіп негізгі қимылдарды меңгеру	**Вариативтік компонент** «Қызықты математика» Тақырыбы: «Сиқырлы қоржын?» **Мақсаты:** Геометриялық фигураларды тани білу дағдыларын қалыптастыру.
Балалармен жеке жұмыс	**Жеке жұмыс:** Мираспен жыл мезгілі туралы әңгімелесу	**Жеке жұмыс:** Алинамен күз туралы тақпақ оқу.	**Жеке жұмыс:** Ұлданаға «Атын атап беру» ойынын ойнау	**Жеке жұмыс** Аялаға аяқ киімнін бауын байлап үйрету.	**Жеке жұмыс** Аялаға аяқ киімнін бауын байлап үйрету
Серуенге дайындық	Киіну: Саппен серуенге шығу.Балаларды киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды,киіміндегі олқылықтарды байқап,оны дұрыстай білулерін қадағалайды.				
Серуен:	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу.Еркін ойындар.Салыстырмалы түрде серуен(баладан таңертең нені көргенін,нені бақылағанын сұрастыру)				
Кешкі ас	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс жүргізу.Ұқыпты тамақтану дағдыларын,ас құралдарын қолдануды жетілдіру.Тамақтану алдында мұқият жуынуды,тамақтану әдебін сақтап,асты аздан алып,сусыз жеуді үйретеді.Тамақтан соң аузын шаюды қадағалайды.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен телефонның пайдасы мен зияны туралы әңгімелеседі.. Еркін ойындар Балалармен қоштасу Ата-анаға балалардың денсаулығы, дәрумендердің түрлері жайлы әңгімелеседі. Ата-аналармен жолда абай болу. Жол қауіпсіздігі жайлы балаға айтып отыруды тапсырады. Ата-аналармен жеке гигиена,тазалықты сақтау туралы әңгімелеседі.				

Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: «Сая» бөбекжайы
Топ: «Балбөбек» мад тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 28.10-31.10.24 V- аптаға
Толтырған: Бойтұмарова А.Н **Тексерген: Жанахбаева К**

Күн тәртібінде	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау. **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.**	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балалардың көңіл-күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдайды.Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Балаларды үлкендерді құрметтеуге тәрбие-леу.Үйде үлкендер еңбегіне көмектесуге үйрету,қызықтыру жайлы сөйлесу.	Өзін-өзі күтуге және жақындарына көмек беруге үйрету тақырыптары бойынша сөйлесу,пікірлеседі	Балаларға отбасында жасалынған жағдай, күз мезгілінде дұрыс құнарлы тамақтану. Әңгіме жүргізу.	Балаларды үлкендерді құрметтеуге тәрбие-леу.Үйде үлкендер еңбегіне көмектесуге үйрету,қызықтыру жайлы сөйлесу.	
	Үстел үсті ойыны «Лего» **Мақсаты:**балалардың ойлау кабілеттерін есте сактау кабілеттерін дамытады.	**«Күзгі еңбек» тақырыбында әңгімелеседі.** **Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін,сөздік қорын дамытады.	**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:** «Ғажайып қалта» Мақсаты: сипап сезу арқылы қабілеттерін дамытады, сөздік қоры молаяды	**«Күзгі еңбек»** тақырыбында әңгімелеседі. **Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін,сөздік қорын дамытады**.**	
Таңертеңгі Жаттығу	Музыка әуенімен таңертенгілік жаттығулар кешені таза ауада ұйымдастырады. Ұйқы ашатын музыкалық-ырғақты қимылдарды орындайды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранын айтады.				
Таңғы ас	Балаларды таңғы ас мәзірімен таныстыру.Таңғы астағы дәрумендер жайлы түсінік беру.				
	Балалармен ұйымдастырылған іс- әрекет ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын жаттығулар				

Ұйысдастырылған іс-әрекетке дайындық			Балаларды іс- әрекетке дайындау. Құралдары қою.	Оқу қызметтеріне қажетті құралдарды дайындау.	Балалар орындарына отырып, іс-әрекетіне дайындық.
Білім беру ұйымы ның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**1.дене шынықтыру Тақырыбы: «Секіртпелі жолдар»** Мақсаты: Балаларды белгі бойынша алға жылжуға, тізені бүгіп аяқ ұшын көтеріп секіруге үйрету, нақтылық пен шыдамдылық танытуға дағдыландыру. Барысы: Балалар бір дөңнен екінші дөңге секіреді. Іздерді басып, қолдары белде болады **2.Музыка Тақырыбы«Туған жер»** **Мақсаты:** Музыканың көңілді, көңілсіз, баяу түрлерін ажырата білуге баулу. **1.Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып**	**1.дене шынықтыру Тақырыбы: «Торайды тамақтандыр»** Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа үйретіп, дәл тигізуге дағдыландыру. Ойын барысы: Белгілі бір кедергілерден өтіп Түнельден тізерлеп өту. Секіртпеден секіріп өту. Шелектен доп алып торайдың аузына көздеп лақтыру . **2.Математика негіздері Тақырыбы: Заттарды жиынға біріктіру.** **Мақсаты:** Балалар зааттар тобының /жиынның/ ортақ бөліктерін тауып, заттарды белгілі бір қасиеттерге «Үлкен және	**1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:** Киімдер. **Мақсаты:** Киімдердің атын атай отырып білімдерін кенейту, рет-ретімен қоюға үйрету.Бұл ойын арқылы балалардың тілдері дамиды,сөздік қорлары жетіледі.Киім аттарына байланысты сөздерді дұрыс айтуға үйрету .Үйренген сөздерді бекіту.Сұрақ-жауап ретінде сөйлеу дағдыларын жетілдіру.Ойын кезінде дұрыс қолдана білуге үйрету. **Ойын: «Қуыршақ серуенге барады.».** **Күтілетін нәтиже:** Дыбыс пен әріпті ажырата алды. Коммуникативті, ойын және басқа іс- әрекет барысында шығармашылық белсенділік танытты **2.Қоршаған әлеммен таныстыру Болашақ арманым**	**1.дене шынықтыру Тақырыбы: «Секіртпелі жолдар»** Мақсаты: Балаларды белгі бойынша алға жылжуға, тізені бүгіп аяқ ұшын көтеріп секіруге үйрету, нақтылық пен шыдамдылық танытуға дағдыландыру. Барысы: Балалар бір дөңнен екінші дөңге секіреді. Іздерді басып, қолдары белде болады **Тақырыбы: «Бауырсақ кіммен кездесті?»** **Мақсаты:** Музыканы сезінуге, төмен, орташа, жоғары дыбыстарды ажырата білуге баулу. **2.Музыка залында балаларды көңілді**	

	көңілді маршпен кіреді. Музыка жетекшісі балаларға: Бір үйде қояндар өмір сүріпті. Олар сондай көңілді қояндар болыпты. Қояндар көңіл көтеріп билегенді жақсы көріпті – деп (қояндардың билеп жатқан суретін көрсетеді). Ал қояндар шаршағанда жатып ұйықтайды екен. Аналары болса балаларына бесік жырын айтып береді екен (қояндардың ұйықтап жатқан суреттерін көрсетеді). Әрі қарай музыка жетекшісі балалардан, сурет бойынша қояндардың нестеп жатқанын айтып беруді және музыканы тыңдап қимылдарымен көрсетуді сұрайды. 3**. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Айналамдағы дыбыстар»	кіші»топтарға біріктіре жеке затты тауып көрсете: Бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік қалыптасады. **Күтілетін нәтиже:** «Бір және «көп», бірнеше терминдерін білді, бір затты көрсетеді,заттарды белгілі бір белгісіне қарай бірітіре алды. **Әдіс тәсілдер:** әңгімелеу, сұрақ- жауап, ойын: «Анамызға дастархан жаюға көмектесейік» Бақылау, топтық жұмыс. Қорытынды: Блум таксономиясы, мадақтау. **3 Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** **«Кім болғым келеді?»** **Мақсаты:** Шағын мәтіндер,балалар тақпақтары және т.б мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Жанрларды ерекшеліктері бойынша тану(жұмбақ, ертегі, және т.б.). **Күтілетін нәтиже:** Сюжетті бірізділікті сақтай отырып көңіл- күй қисынымен мазмұн-дауғаүйренді.	**Мақсат:** Балалардың арманын тыңдау. Еңбек пен білімнің маңызын түсіндіру. **Тапсырмалар:** «Өскенде кім боласың?» сурет салып айту. «Кім не істейді?» мамандықтар ойыны. **3. Сауат ашу.** **Тақырыбы: «Сөз» және «дыбыс»** Әдіс –тәсілдер: Әңгімелеу, ойын ойнату, сұрақ- жауап, тапсырмалар орындау. Мақсаты: «Сөз»және «дыбыс» терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалып-тастыру. Сызбаларды, жиектерді салуға үйрету. Ойын: 1-«Кім көп сөз біледі?» Мақсаты: балалардың сөздік қорын молайту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шарт: Мақтау сөздер айтып, пришепканы бір-біріне қыстыру**.** **Күтілетін нәтиже:**	**музыкамен қарсы алу.** Музыка жетекшісі «Бауырсақ» ертегісін және сол ертегінің кейіпкерлерін естеріне түсірулерін сұрайды. (қасқыр, түлкі, аю, қоян). Музыка жетекшісі осы аңдарға байланысты музыкаларды, мысалы аюдың музыкасын, төменгі регистрдан, ал қоянның музыкасын жоғарғы регистрдан ойнайды. Балалар музыканың қай регистрдан ойналғанын тыңдап, қай аңның музыкасы екенін тауып, сурет арқылы көрсетеді. **Ән айту.** **«Бауырсақ»** -Қанекей балалар әжемізге қошақан туралы ән айтып берейік **3.. Математика негіздері**	

	Мақсаты: Дыбыс туралы ұғымдарды түсіндіру. Дыбыстармен әріптердің айырмашылығын меңгерту. Сөйлеу қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. **Күтілетін нәтиже:** Дыбыс пен әріпті ажырата алды. Коммуникативті, ойын және басқа іс- әрекет барысында шығармашылық белсенділік танытты. **Әдіс- тәсілдер:** Ғажайып сәт, сұрақ-жауап,әңгімелеу, бақылау, ойын ойнату. Тапсырма орындау. **Қорытынды:** Сұрақ-жауап, бағалау, мадақтау. .**4. Қоршаған ортамен таныстыру.** **Тақырыбы:** **«Жыл мезгілдері: жаз,күз. Белгілері.** **Мақсаты:** Жаз және күз жыл мезгілдерінің маңызды белгілері бойынша түсініктерін қорытындылау. **Күтілетін нәтиже:**	Мамандықтар туралы мағлұмат алды. **Әдіс тәсілдер:** Өлең жолдары, Әңгімелеу. Топтық жұмыс. Ойын «Қай маман иесі екенін тап? Тапсырма орындау. Қорытынды: Сұрақ-жауап, Бармақпен бағалау. болса, сіңлі әдепті. **4. Мүсіндеу** **Жапсыру** **Сурет салу** Құрастыру **«Менің үйім»** **Сурет салу:** Бояумен үйдің жалпы сұлбасын бейнелеу. **Мүсіндеу:** Ермексаздан үйге қоятын кішкентай зат (гүл, ыдыс) жасау. **Жапсыру:** Терезе мен есікті қағаздан қиып алып, суретке жапсыру. **Құрастыру:** Конструктор дан үйдің пішінін тұрғызу.	Сөздің дыбыстардан құралатынын, сөзді бірнеше бөліктерге бөлуге болатынын білді. Дұрыс,таза жазуға дағдыланды. **Қорытынды:** «Ойлан тап» ойыны арқылы. Мадақтау	**Тақырыбы**: «Не қайда орналасқан?» **Мақсаты:** Кеңістікте бағдарлану:сол жақ, үстінде,астында, алдында,(алды) артында(арты), жақын арасында қасында ұғыну. **Күтілетін нәтиже:** Кеңістікті бағдарлай алды. Сол жақ, оң жақ ұғымдарын білді. **Әдіс- тәсілдер:** Топтық жұмыс, көрсету,ойын ойнату, тапсырма орындау. **Қорытынды:** Топ белсенділеріне бағалату. 3. Дене шынықтыру Маман жоспарыбойынша **4. Қоршаған ортамен таныстыру.** Тақырыбы: «Ағаш және бұта». Мақсаты: Ағаштың,бұталардың атауларымен таныстыружәне олардың түрлерін бір-бірінен өзіне тән ерекшеліктеріне қарай айыра білуге үйрету.Тірі нысанды суреттей білу қабілеттерін дамыту	

	Осы жыл мезгілдеріне тән өзгерістер жайлы білді. Топтағы бала лармен өз білгенін бөлісе алуға, пікірін бөлісуді үйренді. **Әдіс тәсілдер:** Әңгімелеу, буклет қарау, топтық жұмыс, ойын ойнату. Қорытынды: Смайликтер арқылы бағалау. **5.Сауат ашу «Буынға бөлейік».** **Мақсаты:** Балалардың сөз туралы түсініктерін қалыптастыру.Есту қабілеттерін жетілдіру.Танып білуге деген қызығушылығын арттыру. **Әдіс тәсілдер:** Әңгімелеу,бақылау, ойын ойнату,сұрақ-жауап топтық жұмыс Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту Қолын жазуға дайындау. **Ойын: -«Іздеу»** **Мақсаты:** Байланыстыра сөйлеуін, зейінін, байқағыштығын дамытамыту**.**			Әдіс тәсілдер: Әңгімелеу, қарау, топтық жұмыс, ойын ойнату 5.**Сауат ашу негіздері** **Штрихтау** **Мақсат:** Жіңішке сызықтар арқылы суретті толықтыру. **Тапсырма:** «Шөпті сал» – төменнен жоғары штрихтау. .	

	Шарты: Бұл ойынға 5 адам қатысады. Логопед былай дейді: Мен (құрбымды) досымды іздеп жүрмін. Оның көзі көгілдір, шашы ұзын, қою қара, ол мысықтарды жақсы көреді, ал сүтті мүлдем ұнатпайды. Кім бірінші қай бала туралы сөз болғанын тауып алады? Кішкентай балалар ойнағанда, киімдерін де сипаттауға болады. **Қорытынды:** Сұрақ-жауап доп лақтыру әдісі арқылы, мадақтау.				
Серуен	**№21**	**№22**	№23	№24	
Серуеннен оралу	Киімдерін текшелеп жинап қою дағдыларын қалыптастыру.Беті,қолдарын жылы сумен жуып,сүртіну. Жинақылыққа тәрбиелейді.Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалайды.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу.Үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалау.Тамақтану алдында мұқият жуынуды,тамақтану әдебін сақтап,асты аз-аздан алып,сусыз жеуді үйретеді.Тамақтан слң ауыздарын шаюды қадағалайды.				
Күндізгі ұйқы	Балаларды баяу әуен ырғағымен ұйықтату.Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнатады.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды ояту,жаттығулар жасату. Киімдерін реттеп, бесін асқа дайындау.	Балаларды тәтті ұйқыдан ояту, Төсек үстінде жаттығулар жасату.Бесін асқа балаларды дайындау.	Балаларды ұйқыдан ояту,жаттығулар жасату. Киімдерін реттеп,қолдарын шайғызу.	Балаларды тәтті ұйқыдан ояту, Төсек үстінде жаттығулар жасату.Бесін асқа балаларды дайындау.	
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу.Нан қиқымын шашпай жеуге үйрету. Тамақтану алдында мұқият жуынуды,тамақтану әдебін сақтап,асты аздан алып,сусыз жеуді үйретеді. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалайды.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті	**Үстел үсті ойыны «Лего» Мақсаты:балалардың**	**Вариативтік компонент «Көркем жазу»**	**Құрылымдалған сюжеттік-рөльдік ойын «Гүлдер дүкені»**	**Вариативтік компонент «Би»**	

ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	**ойлау кабілеттерін есте сақтау кабілеттерін дамытады.**	«Жануарлардың төлдерін тауып тиістісін сызықпен қос» Мақсаты: Суреттегі жануарларды қарап тиістісін сызықпен қосуға үйрету	**Мақсаты:** Гүл түрлерімен танысады.	«Балдырғандар вальсі» Мақсаты: Балаларды екі екіден тұрғызыполарға дұрыс жүру түрлерін көрсетіп негізгі қимылдарды меңгеру	
Балалармен жеке жұмыс	**Жеке жұмыс:** Айсезімменжыл мезгілі туралы әңгімелесу	**Жеке жұмыс:** Жасминмен «Атын атап беру» ойынын ойнау..	**Жеке жұмыс:** Алиханмен күз туралы тақпақ оқу.		
Серуенге дайындық	Киіну: Саппен серуенге шығу.Балаларды киінгенде түймелерін қадап,аяқ киімінің бауын байлауды,киіміндегі олқылықтарды байқап,оны дұрыстай білулерін қадағалайды.				
Серуен:	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу.Еркін ойындар.Салыстырмалы түрде серуен(баладан таңертең нені көргенін,нені бақылағанын сұрастыру)				
Кешкі ас	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс жүргізу.Ұқыпты тамақтану дағдыларын,ас құралдарын қолдануды жетілдіру.Тамақтану алдында мұқият жуынуды,тамақтану әдебін сақтап,асты аздан алып,сусыз жеуді үйретеді.Тамақтан соң аузын шаюды қадағалайды.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен жолда абай болу. Жол қауіпсіздігі жайлы балаға айтып отыруды тапсырады.	Ата-аналармен жеке гигиена,тазалықты сақтау туралы әңгімелеседі.	Ата-анаға балалардың денсаулығы, дәрумендердің түрлері жайлы әңгімелеседі.	Ата-аналармен жеке гигиена,тазалықты сақтау туралы әңгімелеседі.	

Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: «Сая» бөбекжайы
Топ: «Балбөбек» мад тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі:04.11-08.11.24

Толтырған_: Бойтұмарова А.Н
Тексерген:Жанахбаева К

1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 04.11.2024	Сейсенбі 05.11.2024	Сәрсенбі 06.11.2024	Бейсенбі 07.11.2024	Жұма 08.11.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** Кел сәлемдесейік - эмоджилерге қолыңды тигіз менімен құшақтас. Апта дәйексөзі: Жақсы мінез – бүкіл өміріңнің сарқылмас байлығы. ***Х. Досмұхамедұлы***				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығы туралы ата аналардың естеріне салу. Қандай тақырыптарды сөйлесуге болатынын ұсыну				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Әнұран айту.				

ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Күй күмбірі» ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру	Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату. Кітаптарды қарау, балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. **(көркем әдебиет)**	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар. Жануарлармен ойындар (пазлдар, роботехника құралдары, шашка, бестемше).	Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту **(бейнелеу іс-әрекеті)**	Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасату) **Балалармен жеке жұмыс.**
Ертеңгілік жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындау (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнына отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңберін өткізу Видео арқылы «Көңілді күн» әніне іс әрекеттер жасау. Орман деген не? Орманда болдың ба? Ол қандай? тақырыбында балалармен жеке әңгімелер жүргізу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене шынықтыру** **Түрлі-түсті көліктер** **Мақсаты:**балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын дамыту.	**Дене шынықтыру** **« Аңшылар мен қоянда р »** **Мақсаты:** Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету. **Ойын мазмұны:** Алаңн ың бір жағына аңшы,	**Сөйлеуді дамыту** «Ойындар» Мақсаты:Сөйлемдерде гі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре	**Дене шынықтыру** **« Аңшылар мен қоянд ар »** **Мақсаты:** Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету. **Ойын мазмұны:** Алаң ның бір жағына аңшы,	**Математика негіздері** «Шеңбермен және тіктөртбұрыш» Мақсаты: Шеңбермен және тіктөртбұрыш туралы білімдерін бекіту Міндеттері: оларды салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.

	шарты:Балалар бөлменің қабырғасының жаңында тұрады. Олар - гараждағы көліктер. Әр ойнаушы қолдарына жалау немесе картоннан жасалған түрлі-түсті диск ұстап жүреді.Тәрбиеші бөлменің ортасында тұрып, ойынаушыларға қарап тұрады, оның қолында 1 жалауша /2 немесе 3 бірге/, біреуін көтерген кезде сол түсті көліктердің жүрісін, дауысын келтіріп жүреді. Тәрбиеші жалауын түсірген кезде, көліктер тоқтап, бұрылып, гаражға барады. Ойын 4-6 рет қайталанады. **Ұсыныс:** тәрбиешіде қызыл түсті жалау болуы мүмкін. Байқаусызда ол жалауды көтереді- белгі бойынша барлық көліктер тоқталуы қажет **.Музыка** **Тақырыбы: «Көлеңке»** **Мақсаты:** Балаларды дыбыстың ұзақтығын ажырата білуге үйрету.Әуендітыңдап,	келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: « Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады. **Математика негіздері** «Ағаштар құстар және жануарлар» Мақсаты: олардан жиын жасау. Міндеттері:Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату дағдысын дамыту. Дәптермен жұмыс **Көркем әдебиет** «Қайда өседі?» Мақсаты: балалардан, қандай ағаштың өнімі екенін	білуді жетілдіру. Міндеттері:Дидактикалық ойын «Кім жылдам?» суреттерге қарап (зат есімдерді сан есімдермен үйлестіру) қоян бесеу, ағаш екеу және т.б Ойын: сын есімдерді тәрбиеші айтады, балалар соған лайықты затты табады. Мысалы: қоңыр дегенде аюды тауып келу. **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Мектепке барамын** **Мақсат:** Мектепке барудың маңызын түсіндіру. Білім алудың болашақтағы пайдасын айту. **Тапсырмалар:** «Мектепке дайындал» ойыны – сөмкеге қажетті құралдарды салу. Әңгіме құрастыру: «Мен мектепке барғанда…». **Сауат ашу негіздері** «Орман»	келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: « Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады. **музыка** **Тақырыбы:«Аспаптың даусын ажырат» ойыны** **Мақсаты:** Балаларды музыкалық аспаптардың тембрын ажыратуға баулу, есту қабілеттерін дамыту, қызығушылықтарын арттыру. **Балаларды музыкамен қарсы алу.** **Ойын:** карточкада	Карточкалармен және дәптермен жұмыс **Көркем әдебиет** «Түлкі мен тырна» Мақсаты: ертегіні саусақ театры арқылы мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беруді, диалогтік сөйлеуді дамыту Міндеттері:Балаларды сахналық қойылымдарға қатысуға баулу

	қысқа және ұзақ дыбыстарды анықтауға баулу. **Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.** Көлбең көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем! Қане қатар тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық **Ән айту.** Ән ырғағымен балалар бүркітше қанат қағады, еңкейіп саусақтарымен жер тірейді. Көлеңкелер қайталап қимыл жасайды. Көлбең – көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем! Қасқыр қалай жүреді, Кім көрсете біледі? **Музыкалық-ырғақты қимыл:** (Қасқырдың жүрісін бейнелейді) **.Сөйлеуді дамыту** «Бақша ағаштары»	танып айтқызу, диалогтік сөйлеуді дамыту. Міндеттері:Дидактикалық ойын «дәндерін тап» ағаштардың суреттеріне берілген дәндерді сәйкестендіру. **Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру,құрастыру** Бау бақша Мақсаты: Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасату. Міндеттері:Ағаштардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру. Бақылаған ағаштың бейнесін бере білу арқылы мүсіндеу. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) қолдануды жетілдіру арқылы ағаш бейнесін жапсыру. Дайын үлгілермен және	Мақсаты: орманның суретін көрсету, мекен етушілерді атату. Міндеттері: дыбыстық талдау жасап сөздегі дыбыстардың ретін анықтауды үйрету. Жазу дәптерлерімен жұмыс Дидакатикалық ойын «бірінші дыбысын ата» орман мекендеушілерінің суреттерін ғажайып қоржыннан алып, бірінші естіліп тұрған дыбысты табу.	пианино, скрипка, гитара, сырнай, домбыра, жетіген, қобыз, шертер аспаптарының суреттері бейнеленген. Үнтаспада аспаптардың орындауында пьесадан үзінді орындалып, балалар аспаптың үніне сәйкес суретін көрсетеді. **. Музыка тыңдау.** Ал енді сендер ән тыңдаңдар. «Балапан» әні. **«Шөжелер»** биін таныс би қимылдарымен билету. **Қоршаған ортамен таныстыру** «Сезім мүшелері» Мақсаты:Қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу дағдыларын дамыту. Міндеттері:Сезім мүшелерінің қызметі	

	Мақсаты: әңгімені оқып беру. Әңгіме не туралы екенін сұрау? Ағаштар тағы қайда өседі? Міндеттері:Қандай ағаштарды таниды? Суреттерге қарап атауларын атату. Орман туралы не білетінін сұрау? Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. **Қоршаған ортамен таныстыру** «Туған өлкенің өсімдіктері» Мақсаты: (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. Міндеттері:Олардың айырмашылығын суреттер арқылы атай білуін қалыптастыру.	қарапайым сызба бойынша құрастыру.		туралы түсінік беру. **Сауат ашу негіздері** **Жеміс-жидектерді бояу** **Мақсат:** Алма, алмұрт суретін сызықтан шықпай бояу. **Тапсырма:** «Алма бақшасы» суретін бояу.	

	Сауат ашу негіздері Ағаштар Мақсаты: Ағаш атауларына дыбыстық талдау. Міндеттері:сөздегі дыбыстардың ретін анықтауды үйрету. Жазу дәптерлерімен жұмыс				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардың ретімен киінуін, ауа-райы жағдайына байланысты жылы киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**«Адалдық алаңы»** балаларға адалдық туралы түсінік беру, мультфильм қарау. Күзгі бақта еңбек етіп жатқан балалардың суретін бояу **(бейнелеу іс-әрекеті)** Еңбек құралдарын ермексаздан мүсіндеу **(Шығармашылық іс-әрекет**) Еркін ойындар Ұлттық ойын	Ағаштардан түскен бұталарды жинап, салыстыру. "үлкен – кіші", "үлкенірек – кішірек" «Енді, енсіз» деген сөздерді қолдануды үйрету. **(танымдық, зерттеу іс-әрекеті)** Бұталар қалай пайда болады тақырыбында әңгімелесу. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Құрылыс материалдарынан ғажайып қалалар құрастыру	Бақылау. Мақсаты: Балабақша ауласын мекендейтін құстар мен жануарларды бақылау, оларға күтім жасау. Осы құстар мен жануарлар орманда мекендей ала ма? Неге? **(зерттеу, танымдық, еңбек іс-әрекеті)** Құстар, жануарлар туралы жұмбақтар шешу. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Бақылау. Мақсаты: Ағаштарды бақылау, бұтағы, діңі, жапырағы туралы ақпарат беру. Орманды қорғау туралы әңгімелесу. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Ағаштың бұтақтарымен құмда сурет салу. **(Бейнелеу іс-әрекеті)** Ағаш бұтақтарымен табиғи қалдық материалдармен ұжымдық құрастыру.	Ормандағы **қауіпсіздік ережелерімен** таныстыру. Ормандағы ережелерді салу, жасау. Ағаштардың арасына орналастыру. Орманда рөлдік ойынын ойнату. Бауырсақ, қызыл телпек ертегілерін сахналату. **(Қарым-қатынас, зерттеу, танымдық іс-әрекеттері)** **Сергіту жаттығуы** Жапырақтар тербеледі, Желмен ұшып теңселеді, Дөңгеленіп,айналып,

	«асық ойыны»	**(Зерттеу іс әрекеті)** Еркін ойындар Ұлттық ойын «Ақсерек көксерек»	Еркін ойындар Ұлттық ойын «Сақина жасыру»	**(Шығармашылық іс-әрекеті)** Еркін ойындар Ұлттық ойын «Хан талапай»	Жерге қонар кез келді. Еркін ойындар Ұлттық ойын «Ақсерек көксерек»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** Тамақтан соң ас қайыру, бата беру.				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды құрылғыдан ертегі тыңдату. **(көркем әдебиет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға, өруге және жинауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптарды қарау, кітаптағы орман бақша шалғын суреттеріне қарап ойдан ертегі құрастыру. Бір біріне айтып беру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Табиғи құрастыру құралдарынан орман құрылымын құрастыру.Ұжымдық жұмыс. **(танымдық іс-әрекет)**	Вариативтік компонент «Көркем жазу» Тақырыбы: Жануарлардың төлдерін тауып, тиістісін сызықпен қос Мақсаты: Жануарлардың аттарын атап, олардың төлдерін таба білу	«Орманда» тақырыбында ұжымдық жұмыс **(Шығармашылық іс-әрекет)** Кітаптарды қарау. Тақпақ жаттау. Еркін сахналау әрекеті **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**	Вариативтік компонент «Би» Тақырыбы: «Батырлар биі» Мақсаты: Балаларға би ді музыканың ырғағымен қимылдауға үйрету	Вариативтік компонент « Қызықты математика» «Таныс фигураларды ата?» Мақсаты: Оқушылардың көз зердесін, есте сақтау қабілеттерін дамыту
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	Бақша ауласындағы жапырақтарды жинату. **(еңбек іс-әрекеті)** Қимылды ойын «Кегли» Балалардың еркін	Қимылды ойын «Жүгіріп өтуге үлгер» Балалардың еркін ойыны	Қимылды ойын «Кегли» Көңілді әуенге би белеу, ән тыңдау. **(музыка)** Балалардың еркін	Орманнан шығар жол сызбасын таяқпен жерде сызу **(танымдық іс әрекет)** Қимылды ойын	Қимылды ойын «Соқыр қойшы» Балалардың еркін ойыны

	ойыны		ойыны	«Кегли» Балалардың еркін ойыны	
Балалардың үйге қайтуы	Үйде ертегі кітаптарының суретіне қарап, ертегі айтып беруін өтіну, ұсыну. «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Апта бойы алған әсерлерімен бөлісу, жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру				

Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: «Сая» бөбекжайы
Топ: «Балбөбек» мад тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі:11.11-15.11.24
Толтырған_: Бойтұмарова А.Н

Тексерген:_ Жанахбаева К

2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 11.11.2024	Сейсенбі 12.11.2024	Сәрсенбі 13.11.2024	Бейсенбі 14.11.2024	Жұма 15.11.2024
Балаларды қабылдау	Көңілді музыка қойып, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. **(сөйлеуді дамыту).** Апта дәйексөзі: Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын. ***Халық нақылы***				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Ата аналарды толғандыратын сұрақтарға жауап беру. Кеңестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Әнұран айту. Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын. Балалардың бір бірінің жақсылығын көру, оны айтуын қалыптастыру				
	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Қоғамдық мүлікті қорға» тақырыбында сурет бойынша жұмыс	Интелектум құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, ертегілер, әңгімелер айту. Бестемшемен еркін ойындар. **(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)**	Дидактикалық ойын «Айырмашылығын тап», «Қай ойыншық жоқ». Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу.	Дидактикалық ойын «Қай ойыншық жоқ», «Ұқсайды-ұқсамайды» Менің ертегі кейіпкерім, әр түрлі заттардан құрастырып ойындар ойнату.	Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасату) **Балармен жеке жұмыс.**
Ертеңгілік жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындау (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнын тауып отыру. Бір біріне астың дәмді болуын тілеу. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері. Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз.				

	Құрметпенен сіздерге, Сәлем бердік біз. Әр түрлі жұмсақ ойыншықтарды беру арқылы бір біріне жақсы сөздер айту. Жаңалықтарымен бөлісу. «Қысқы дайындық» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене шынықтыру** **Қояндар мен қасқыр** **Мақсаты:**Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру. **Ойынның шарты:** Бір бала қасқыр болады қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады, ал қасқыр өзінің апанында жатады. Тәрбиеші: - Секеңдеңдер қояндар, Жүгіріңдер жортыңдар-деген кезде Қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қояндарды апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады.	**Дене шынықтыру** **Дөңгелекті лақтыру** **Мақсаты:**Балаларды белгіленген бағыты көздей білуге,ептілікке,шапшаң дыққа үйрету. Ойынның шарты: Ойын дөңгелектерді көздеп лақтырудан түрады,доңгелектің диаметрі 15-20см. Ал таяқшаның ұзындығы 30-40см. Балалар қатарға түрып 1,5-2метр ара қашықтықта дөңгелектерді таяқшаға дәлдеп лақтырып кіргізу керек.Балалар ойынды бірін кейін бірі жалғастырып ойнай береді. **Математика негіздері** «Геометриялық фигура» Мақсаты:дөңгелек, сопақшаны дұрыс атап, оларды ажыратабілуге жаттықтыру.	**Сөйлеуді дамыту** «Ұйқыға кететін жануарлар» Мақсаты: оларды суреттен табу Міндеттері: Олар туралы әңгімелеу және синонимдер мен антонимдерді қолдануды пысықтау. Жұмыс дәптерлеріне жазу **Қоршаған әлеммен таныстыру Болашақ арманым** **Мақсат:** Балалардың арманын тыңдау. Еңбек пен білімнің маңызын түсіндіру. **Тапсырмалар:** «Өскенде кім боласың?» сурет салып айту. «Кім не істейді?» мамандықтар ойыны. **Сауат ашу негіздері** Сиқырлы дыбыстар	**Дене шынықтыру** **Мысықтар мен балалар** **Мақсаты:**Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу. **Ойынның шарты:** Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады. Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет	**Математика негіздері** «Геометриялық фигуралар» Мақсаты: Фигураларды құрастыру арқылы құстардың бейнесін шығару. Міндеттері: (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) дұрыс атап, оларды ажыратабілуге жаттықтыру. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. **Көркем әдебиет** «Құстардың қысқа дайындығы» Мақсаты: туралы мульфильм көрсету. Міндеттері: «Ұсқынсыз үйрек» ертегіні сахналау, қойылымдарға қатысуға баулу.

	Ойын 2-3 рет ойналады. **музыка** **Тақырыбы:** **«Ғажайып үйшік»** **Мақсаты:** Баспалдақпен жоғары шығу және төмен түсу арқылы әуеннің бағытын дауыспен айтуға үйрету. Жануарлардың суретін қолдана отырып, балаларды олардың жүрісін, қимылын, дыбыстауын көрсете білуге, шығармашылыққа баулу. **.Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.**Балаларға үйшіктің және қоян, балапан, бақа, күшік, т.б. суреттері ұсынылады. **Ән айту.**Музыка жетекшісі «Жоғарығы шығымын» деп әндетеді. Балалар әуенді қайталап, өздері қалаған суретін басқышпен жоғарыға	Міндеттері:Фигураларға сәйкес заттарды топтан табу, салыстыру. Дидактикалық ойын «артығын тап» артық фигураны карточкадан табу. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. **Көркем әдебиет** «Ертегі» Мақсаты: Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру. Міндеттері:Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруді жетілдіру. **Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру,құрастыру** Ертегілер әлемі Мақсаты:Тыңдаған ертегі желісі бойынша бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып қолдануын дамыту. Міндеттері:ойдан	Мақсаты: Дауысты дыбыстарды анықтауды үйрету. Міндеттері: суреттердегі заттарды атап, олардың бірінші дыбысының дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету. Жұмыс дәптерлеріне жазу	қайталанады. **Музыка** **Тақырыбы:** **«Музыкалық әткеншек»** **Мақсаты:**Әнді тыңдауға және жеңіл қозғалуға,шеңбер бойымен тұруға,жүруге дағдыландыру, жануарларға деген қызығушылық, қамқорлық сезімін ояту **Балаларды музыкамен қарсы алу.** Музыка жетекшісі «Әткеншек» әнін орындайды және балалардан әткеншектің қалай қозғалатынын сұрайды. Балалардан музыканың өзгеру темпін қимылмен көрсетуді және сұрақтарға жауап берулерін сұрайды. **Музыкалық-ырғақты қимыл:** Қай кезде музыка тез ойнады? Қай кезде	

	жүргізеді. Үйшікке жақындап, «Қандай ғажап үйшік?» деп әндетеді. Келесі кезекте терезеден сурет көрсетіліп,балалар әуенді тыңдап, сәйкес келетін аңдардың , жануарлардың, балапанның, бақаның, т.б. суреттерін басқыштармен жүргізіп, үйшікке кіргізеді. Балалар терезеден көрінген суретке қарап, олардың қимыл-қозғалысын салып көрсетеді **Сөйлеуді дамыту** «Қысқа дайындық» Мақсаты: Қысқа дайындық әрекеттерін үйрету. Міндеттері:тақырыбында балаларға бірнеше суреттер көрсету. Сурет бойынша әңгіме жасату. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді қолдануын жетілдіру. **Қоршаған ортамен**	пішіндері мен өлшемі әртүрлі танысзаттарды: ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу оларға тән ерекшеліктерді беру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану мен еңбек қауіпсіздігі және жеке гигиена ережелерін сақтауды дамыту. Табиғи материалдардан жасалған қазақ халқының бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді ұйымдастыру.		баяу ойнады? (жылдам қозғалады, ақырын қозғалады, баяу қозғалады, тоқтайды.) Барабан және ағаш қасықтарды соғып ойнау **Математика негіздері** Азық түлік Мақсаты:Азық түліктердің пішіндерін анықтау, салыстыру. Міндеттері:Геометриялық фигура үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрышты дұрыс атап, оларды ажыратабілуге жаттықтыру. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. **Қоршаған ортамен таныстыру** «Қысқа дайындықта баланың рөлі» Мақсаты: аталған тақырыбыпта әңгімелесу. Міндеттері:Сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға	

	таныстыру «Қысқа дайындықта Мақсаты:ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау». Міндеттері: Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардыңеңбегін бағалау дағдысын дамыту. **Сауат ашу негіздері** Сиқырлы дыбыстар Мақсаты: Дауысты дыбыстарды анықтауды үйрету. Міндеттері:Дауысты дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді бір біріне айтып, допты лақтырып ойнату.Жұмыс дәптерлеріне жазу. імелесу.			әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге баулу. **Сауат ашу негіздері** Жануарлар әлемі Мақсаты: дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету Міндеттері:Жануарлардың атауларындағы дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету. Дәптермен жұмыс	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимылдағдыларын жетілдіру үшін серуенде өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. Балалардың ретімен киінуін (ауа-райы жағдайына байланысты) бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	«Әлем біздің айналамызда» қоршаған	Адамдар қыс мезгіліне қалай дайындалады?	Ұлттық ойын «Ханталапай»,	Бақылау. Мақсаты: Балабақша	Балалардың бастамасымен еркін

	ортаға деген қамқорлықты көрсету тақырыбында әңгімелесу. Балбақша ауласын қысқа дайындау. Құстармен аңдарға қамқорлық таныту жұмыстарын жүргізу. **(Танымдық, іс-әрекеті)** **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Қимылды ойын** «трактершылар» Балалардың еркін әрекеті. Ұлттық ойын «Теңге ілу»	Көліктер ше? Жай және күрделі сөйлемдерді қолдану арқылы әңгімелеуді пысықтау **(қарым қатынас іс әрекеті)** Қағазды түрлі бағытта бүктеу арқылы ұшақ жасау. Ұшақты ұшырып ойнату. Ұшақтар қысқа қалай дайындалады әнгімелеп түсіндіру **(Танымдық, шығармашылық іс-әрекеті)** **Қимылды ойын** «Көлік жүргізушілері» Балалардың еркін әрекеті.	«Орамал тастамақ» және т.б ойындармен танысытыру **(Танымдық іс-әрекет)** Балалардың қалауы бойынша дәндерден ұжымдық композиция жасату. **(Шығармашылық іс-әрекеті)** **Спорттық ойын:** «Футбол»	ауласындағы жәндіктерді іздеу, олардың қайда және не үшін жоқ болып кеткенін түсіндіру. Құмырсқа илеулерін тапса, ол туралы не білетінін сұрау. **(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)** **Ұлттық ойын** «сақина жасыру» Балалардың бастамасымен еркін әрекеттер.	әрекеттер. Өзара қарым қатынас орнату. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Бақылау. Мақсаты:Құстарды бақылау. Олардың тіршілігіндегі өзгерістерді байқату. **(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)** **Қимылды ойын** «ұшты ұшты»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Нені «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану. Табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларынжетілдіру . (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				

	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Әлем халық ертегілерін оқып беру **(көркем әрекет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балалардың қалауы бойынша ойша бейнелеу, мүсіндеу, қиып жапсыру **(Шығармашылық іс-әрекеті)** Еңбек құралдарын таныстыру. Оларды қалай қолдану керектігі туралы ойыншық құралдармен жасап көру. **(танымдық іс әрекет)** Заттарды түрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету **(зерттеу іс әрекеті)**	Вариативтік компонент «Көркем жазу» Тақырыбы.: жабайы жануарлар Мақсаты: Ертегі мазмұнын сұрақтар бойынша әңгімелету, сөздік қорларын байыту	Егіншілердің, фермерлердің еңбегімен таныстыру. Қысқа дайындықтағы рөлін түсіндіру. Кітаптардан суреттерін көріп, эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Вариативтік компонент «Би» Тақырыбы: «Батырлар биі» Мақсаты: Балаларға би дің музыканың ырғағымен қимылдауға үйрету	Вариативтік компонент « Қызықты математика» Тақырыбы: Геометриялық фигуралармен танысу Мақсаты: Геометриялық фигуралардың әр түрлі белгілеріне қарай салыстыру.
Балалармен жеке жұмыс					

Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды үйрету. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**Қимылды ойын** «Аюлар мен аралар» Балалардың еркін әрекеті.	**Қимылды ойын** «Ұшақтар» Балалардың еркін әрекеті.	Балалардың шығармашылығымен құрылыстар құрастыру **(Танымдық, іс-әрекеті)** Ұлттық ойын «Ханталапай» Балалардың еркін ойыны	**Қимылды ойын** «Орамал тастамақ» Балалардың еркін әрекеті.	Ұлттық ойын «Ханталапай» Балалардың еркін ойыны Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық әуенге үйлестіру. **(музыка)**
Балалардың үйге қайтуы	Апта бойы балалардың қандай іс әрекеттер жасағаны туралы айтып беру. Үйде қысқы дайындықты жасау бойынша балалармен әңгімелесу, еңбек әрекетін ұйымдастыруды ұсыну. «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру				

Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: «Сая» бөбекжайы
Топ: «Балбөбек» мад тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі:18.11-22.11.24
Толтырған_: Бойтұмарова А.Н

Тексерген:_ Жанахбаева К

3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 18.11.2024	Сейсенбі 19.11.2024	Сәрсенбі 20.11.2024	Бейсенбі 21.11.2024	Жұма 22.11.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Стикерлер арқылы көңіл күйлерін көрсете білуін жетілдіру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баладан өз отбасы жайлы айтып беруге тарту **(қарым қатынас мәдениеті).** Құрастыру, мүсіндеу, жапсыру және сурет салу құралдары салынған төрт қорапты көрсетіп қалаған қорапты алып өз еркімен еркін ойнауына, іс-әрекет жасауына жағдай жасау. Апта дәйексөзі: **Жақсы тәртіп көрсе бала күнінде, үлгісімен қуантады түбінде.** *Жүсіп Баласағұни*				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балаларды қабылдау барысында ата-аналармен баланың қимыл белсенділігі жайында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, интеллектум құралдары, шашка ойындары) Әнұран айту.				
	Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,	Бестемшемен еркін ойындар. **(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)** Тазалық ұғымын дидкатикалық ойын карточкалары арқылы табу ойнын ойнату.	Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен жұмыстар жасау.	«Мойдадыр - Кірқоймас» ертегісін сахналау. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне және жануарларына күтім жасату) **Балармен жеке жұмыс.**

		(Танымдық іс-әрекеті)			
Ертеңгілік жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындау (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(сөйлеуді дамыту)**				
